

Бұл қосылыстардағы (қатты заттар) М-О-байланысының болуы (М-металл) төмен молекулалық туындылар үшін айтарлықтай жоғары балқу температураларының болуына алып келеді [21].

[21, 22] жұмыстарда алкилкөмір қышқылдарының металл тұздарына қатысты бірқатар мәліметтер келтірілген. Мысалы, барийметилкарбонат  $(\text{CH}_3\text{OCOO})_2\text{Ba}$  алғаш рет сусыз бариттің абсолютті метил спиртіндегі ерітіндісіне құрғақ көмір қышқыл газымен әсер ету арқылы алынған. Барийэтилкарбонат  $(\text{C}_2\text{H}_5\text{OCOO})_2\text{Ba}$  абсолютті этанолдағы барий этилаты ерітіндісінен көмір қышқыл газын өткізу арқылы алынған.

Натрийэтилкарбонатты [21] көмір қышқыл газын натрий этилатының спирттегі ерітіндісінен өткізу арқылы алынады. Натрийэтилкарбонат ақ түсті кристалдық зат, эфирде, этил спиртінде, хлороформда, ацетонда, күкірткөміртеkte мүлдем ерімейді. Метил спиртінде жақсырақ ериді; температура жоғарылаған сайын ерігіштігі артады. Тұз суда гидролизденіп, қышқыл көмірнатрий тұзы мен этил спиртін түзеді.

[22] жұмыста метил-, пропил-, бутилкөмір қышқылдарының натрий және калий тұздары сәйкес натрий және калий алкогольтарының сәйкес спирттердегі ерітінділеріне  $\text{CO}_2$  жіберу арқылы алынған.

Натрийпропилкарбонат физикалық қасиеттері бойынша натрийэтилкарбонатқа ұқсас; ол  $200^\circ\text{C}$  дейінгі қыздыруға төзімді. Тек  $300^\circ\text{C}$  кезінде ғана айтарлықтай ыдырау жүреді.

Натрийбутилкарбонат алдыңғы гомологтарға қарағанда үлкен қиындықтармен алынады. Айтарлықтай қиындықтар өнімді сүзу және кептіру кезінде байқалады. Физикалық қасиеттері бойынша натрийбутилкарбонат натрийпропилкарбонатқа жақын; суда ериді (ерітінді реакциясы гидролизге байланысты сілтілік). Этил спиртінде, бензолда, хлороформда, күкірткөміртеkte, ацетонда ерімейді; метил спиртінде біршама ериді.

Жоғарыда көрсетілген тұздарды алудың басқа да тәсілдері бар. Мысалы, [23] патентте көмір қышқылы эфирлерінің металдық тұздарын сәйкес спирттен, металл галогенидінен және көміртеке моноксидінен органикалық негіз (пиридин) қатысында алудың тәсілі сипатталған. Металл галогениді ретінде  $\text{Cu}$ ,  $\text{Ag}$ ,